

Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын жергілікті (Интернетке қолжетімділігі бар жергілікті желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік желілердің өзара іс-қимыл жасауы үшін пайдаланатын мемлекеттік органдарды, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарын және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, сондай-ақ өзге де ақпараттандыру субъектілерін айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 ақпанда № 13102 болып тіркелді.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын жергілікті (Интернетке қолжетімділігі бар жергілікті желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік желілердің өзара іс-қимыл жасауы үшін пайдаланатын мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ өзге де ақпараттандыру субъектілері тізбеге сәйкес айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б.Қазанғап):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің
2016 жылғы 19 қаңтардағы
№ 15 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын жергілікті (Интернетке қолжетімділігі бар жергілікті желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік желілердің өзара іс-қимыл жасауы үшін пайдаланатын мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ өзге де ақпараттандыру субъектілерінің тізбесі*

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 15.03.2022 № 85/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – 23.02.2023 № 63/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1.	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі
2.	Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Кеңесі
3.	Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты
4.	Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі
5.	Қазақстан Республикасы Конституциялық Соттың Аппараты
6.	Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі
7.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты
8.	Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы
9.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі (бөлінген желі)
10.	Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы
11.	Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
12.	Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
13.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

14.	Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің аппараты
15.	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
16.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
17.	Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)
18.	Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
19.	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
20.	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
21.	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
22.	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
23.	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
24.	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
25.	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
26.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
27.	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
28.	Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
29.	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
30.	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
31.	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
32.	Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
33.	Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
34.	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
35.	Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі
36.	Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі
37.	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
38.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

39.	Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық
40.	Облыстар, республикалық және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары
41.	Облыстар, республикалық және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер мәслихаттарының аппараттары
42.	Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
43.	Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі

Ескертпе: * мемлекеттік және жергілікті атқарушы, орталық атқарушы және мемлекеттік сайлау органдарының қарамағындағы ведомстволарды, аумақтық органдарды, ұйымдар мен мемлекеттік мекемелерді; Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жергілікті және басқа да соттарды; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсететін квазимемлекеттік сектор субъектілерін және заңды тұлғаларды қоса алғанда; ақпараттандыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын немесе құқықтық қатынастарға түсетін, сондай-ақ меншік иесі – мемлекеттік органдармен келісу бойынша мемлекеттік органдардың жұмыс істеуіне қатысатын және электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді пайдаланатын ақпараттандыру субъектілері; Мемлекеттік бағдарламаларды немесе ұлттық жобаларды іске асыру шеңберінде жеке әріптестер болып табылатын немесе мемлекеттік органдармен кеңестерге қатысу мақсатында ғана мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы желісінде мемлекеттік органдармен кеңестерге қатысатын заңды тұлғалар.